


Сабақтың тақырыбы:

Қыста талай қызық бар. Қыс.

Мақсаты:

Мәтіннің мазмұнымен
таныстыра отырып,
негізгі ойды идеяны
ұзатын болады.



Сабақтың міндеттері:

1. Оқушылар ақын, жазушы М. Дулатовтың «Қыс» әңгімесінің идеясына, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталатын болады.

2. Сын тұрғысынан ойлау қабілеті, тіл байлығы дамиды, шығармашылықпен жұмыс істеу дағдылары қалыптасатын болады.

3. Бірлесе жұмыс жасай отырып, пікірін білдіруге, дәлелдеуге, болжам жасауға, батыл сөйлеуге үйренетін болады

Сабақтың әдістері:

*Ой қозғау, көрнекілік, сұрақ қоя білу ,
Т - кестесі,
салыстыру, әңгімелеу.*

Түрі:

*Жаңа материалдарды
меңгерту.*

Формасы:

*Жалпы оқушылармен
жұмыс*

Түрі : *Интерактивтік тақта, топтама,
суреттер, презентация.*

Пәнаралық байланыс, қазақ тілі, дүниетану.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

*а) Оқушылардың
көңіл – күйін байқау.*


*б) Оқушылардың көзқарасын
сабаққа аудару.*

II. Жаңа сабақ

Қызығушылығын ояту.

Сөзжұмбақты шешу үшін жұмбақтардың жауаптарын дұрыс тап.

1. Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тоңады
2. Есіктен кіреді еңкейіп
Төрге шығады қампиып
3. Отқа жанбас, суға батпас



Ү. Ой қозғау.

**Дауысты дыбыстарды
созыңқырап, сөздерді
дұрыс оқимыз.**

Мұ – ұз, Қа – ар

Көз алдымызға не елестеді?



IV. Көрнекілік әдіс.

Міржақып Дулатов (21.11.1885, Қостанай облысы Жангелдин ауданы, Қызбел атырабы – 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беламор – Балтық каналы, Сосновец бекеті) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. Д – 2 жаста шешеден, 10 жаста әкеден айырылып, ағасы А. Дулатовтың қолында өскен.

Алғашында ауыл модасынан хат танып, кейін Торғайдағы Ы.Алтынсарин ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс – қазақ мектебінде білім алған (1902). Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады. 1904ж Омбы қаласына қоныс аударған.

Осы қалада А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен танысады. 1907 ж Санкт – Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі басылады.

Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады.

1910 ж. Қазандағы Каримовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журанлына үзбей мақала жазып тұрады. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен 1911 ж қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай саяхатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатты аңдуында алынған Дулатов 1911 ж маусым айының жетісі күні Семей қаласына келгенде ол түскен М. Малдыбаевтың үйіне тінту жүргізіліп, тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады.

1922 – 26 ж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген. 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынады. 1930 ж ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беламор – Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск станциясындағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 ж 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болады. Сүйегі 1992 ж. 1 – 18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейтіне әкелініп, қайта жерленді.

– Аңдар қалай өмір сүріп жатыр?

– Татулық, достықты қалай түсінесің?

(Балалар өз ойларын айтады)

- Ендеше, балалар мына алақанға жүректеріңнен шыққан жақсы сөздерді жаза қойыңдар.

Мазынаньы тану:

- *«Сұрақ қоя білу» тәсілі*
- *Мәтін 3 бөлікке бөлінген*
- *а) Бірінші бөлікті оқушылар оқып, болғаннан соң, мұғалім оқушыларға сол бөліктің мазмұны бойынша сұрақ қояды.*
 - *- Күн не істеді? Қыстың қандай айы?*
 - *- Өзен, көлде не істеген?*
 - *- Жұрт ненің үсітмен жүрді?*
 - *- Қандай борандар соқты?*
- *б) 2-ші бөлікті оқығанда оқушы мұғалімге сұрақ қояды.*
- *в) 3-ші бөлікті оқығанда оқушылар жұптан жауап береді, яғни оқушы оқушыға сұрақ қояды.*

УІІІ. Сергіту сәті:

*Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау менің оң қолым
Мынау менің сол қолым,
Барлық істі атқарған.*

Суретпен жұмыс



(Мәтін бойынша салынған сурет сұрақтарға жауап бер)

Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Оны неден байқадың?

Адамдар суықтан қалай қорғанады?

Сен қыста қалай киінесің?



Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!